

**Ойыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 тамыздағы № 75 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ойыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ойыл ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*С. Займолдин*  
Ойыл аудандық мәслихатының 2023  
жылғы 31 тамыздағы № 75 шешіміне 1-  
қосымша

**Ойыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу нысандары	Есеп бірлігі	I есептік бірлікке жылдық нормасы, м3
1	Жақсы жабдықталған және жабдықталмаған үй шаруашылықтары	1 тұрғын	0,85
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және т.б. нысандар	1 орын	1,13
3	Қонақ үйлер, санаториялар, демалыс үйлері	1 орын	1,13
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,4

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,22
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келуші	0,04
7	Ауруханалар, басқа да емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,06
8	Мектептер және басқа да оқу орындары	1 оқушы	0,10
9	Мейрамханалар, кафе, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтандыру орындары	1 орындық	1,16
10	Театр, кинотеатр, концерт залы, кешкі клубтар, ойынхана, ойын автомат залдары, интернет-кафе, компьютер клубтары	1 орындық	0,2
11	Мұражай, көрмелер	Жалпы алаңның 1 м2	0,13
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,13
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңның 1 м2	0,21
14	Азық-түлік, өндіріс тауарлары дүкендері, аралас дүкендер	1м2сауда алаңы	0,8
15	Көліктен сауда жасау	1м2сауда орыны	0
16	Базар, сауда павильоны, дүңгіршектер	1м2 сауда орыны	0,036
17	Ірі база, өндіріс және азық-түлік қоймалары	Жалпы алаңның 1 м2	0
18	Тұрмыстық қамту үйі, халықты қамту	Жалпы алаңның 1 м2	0,13
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңның 1 м2	0,5
20	Жағажай, көше жол сыпырындылары	Жалпы алаңның 1 м2	0,04
21	Дәріханалар	Сауда алаңының 1 м2	0,44
22	Автотұрақ, автокөлік жуу орындары, ЖЖМ құю станциялары	1 машина-орыны	0,11
23	Автошеберханалар	1 қызметкер	2,3
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гараж	0,16

25	Шаштараз, сұлулық салондары	1 жұмыс орны	0,23
26	Кір жуу, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательелері	Жалпы алаңның 1 м2	0,13
27	Зергерлік, сағат, аяқ киім жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңның 1 м2	0,13
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау т.б)	1 жұмыс орны	0,13
29	Монша, сауналар	Жалпы алаңның 1 м2	0,26
30	Қала аумағында көпшілік шараларды ұйымдастырушылар (заңды) саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,8
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0

Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 тамыздағы № 75 шешіміне 2-қосымша

**Ойыл ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Қызмет құны, теңге (қосылған құн салығынсыз)
1	Жайлы тұрғын үйлер	I тұрғын/айына	-
2	Жайлы емес тұрғын үйлер	I тұрғын/айына	248,36
3	Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м3	3506,33